

М.К. АЛДАБЕРГЕНОВА

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ  
ДАМУЫНА ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

*Находящиеся на территории Южного Казахстана средневековые города всячески подвергаются влиянию географической среды. Прежде чем начать разговор об этом, в начале надо описать географические условия региона. Охватывая огромные территории, Южный Казахстан делится отличающиеся друг от друга специфическими условиями на несколько археологических и исторических комплексов. Исследуя эти комплексы мы изучаем развитие городов (функцию городов, аграризацию городов, жилищные условия горожан и в целом, социально-экономическое развитие городов).*

*Makalede Güney Kazakistanın Orta Çağ şehirlerin gelişimine coğrafya çevresinin etkisi söz konusudur.*

Қалалардың пайда болуы мен дамуына географиялық ортаның қалай әсер ететіндігін айтпастан бұрын ең алдымен аймақтың табиғи-географиялық жағдайына аз-кем көңіл аударған жөн. Оңтүстік Қазақстан өзінің көлемі бойынша үлкен территорияны қамтиды және соған сәйкес онда өзіне тән ерекшеліктері бар археологиялық мәдениет пен тарихи-этнографиялық комплекс қалыптасқан. Бұл үлкен аймақты біртұтас ретінде қарастыратын бірден-бір фактор бұл территорияда пашылған інжу секілді әр жерде пайда болған және қалыптасқан қалалар мен елді-мекендер. Оңтүстік Қазақстанның географиялық жағдайын зерттеу қарастырған аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын, дәстүрлі шаруашылығының қалыптасуын және ең алдымен қалалардың пайда болуы мен дамуын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Территорияның оңтүстік-шығысын және орталық бөлігін Талас Алатауының батыс сілемдері, Қаржантау және Өгем жоталары және Қаратау қамтиды. Жазық өңірі солтүстігінде Бетпақдала мен Мойынқұм, оңтүстік-батысында Қызылқұм, оңтүстігінде Мырзашөл, Шардара далаларынан құралады. Аймақ сонымен қатар өзінің табиғи жағдайларына байланысты бірнеше физико-географиялық территориялық комплекстерге бөлінеді. Бұл комплекстерді бөлу барысында тек аймақтың табиғи белгілері бойынша біріктіріп қана қоймай, сонымен қатар мұнда мекендеген тұрғындардың айналысатын шаруашылығы да есептеледі. Өйткені тек адамдар ғана аймақтың ландшафты мен шаруашылығының дамуын қамтамасыз ете алады. Әрине, тарихи қалыптасқан бұл территорияда табиғи жағдайлар мен адамдардың қалыптасқан өмір сүру салтын бөлек-бөлек қарастыруға болмайды. Қалалардың дамуы жайлы қарастырғанда аймақтың климатын зерттеу өте орынды құбылыс. Аймақтың жер беті ағын суы Сырдария және Шу алаптарына жатады. Табиғат жағдайларының Орта Азиямен ұқсастығына қарамастан, температураның тез әрі жиі өзгеруімен ерекшеленеді. Аймақтың климаты тым континентальды, қысы қысқа әрі қар

жамылғысы жұқа әрі тұрақсыз болады. Жазы ыстық әрі қуаң. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150-160 мм, солтүстігіне ойысқан сайын бұл мөлшер кеми түседі, тауда 1000 мм-ге көбейеді. Адам өмір сүруі үшін теңіз деңгейінен 500-1000 м биіктікте орналасқан тау алды белдеу қолайлы. Тау алды аймақтар өзінің қара және қара-қошқыл топырағымен ерекшеленіп, суармалы егіншілік, жеміс-жидек, жүзімдік өсірумен айналысуға өте қолайлы [1].

Оңтүстік Қазақстанның территориясының көпшілігі дала, шөлейт және шөлді белдеуде орналасқан. Сондықтан суару жүйесі арқылы іске асқан егіншілік көп өнімнің түсуіне себеп болады. Осы ерекшелікті ескере отырып, ежелден егіншілік өзен бойларында жақсы дамыған.

Географиялық мәліметтерді тарихи жағынан анализдеу мақсатында аймақтың табиғи-географиялық сипаттамасын жазба деректерден іздесек, мынадай мәліметтер түседі. Оңтүстік Қазақстан территориясының жайлы климаттық ортасы және ондағы орналасқан қалалар жайлы ежелгі жазба деректерде де жазылып кеткен. Мәселен, «Михман-наме-йи Бухара» шығармасының авторы Сырдария маңы мен Сауран, Сайрам вилайеттерінде болып, онда климаттың таңғажайып жайлы екендігін хабарлаған [2]. Аймақта егінді суаруға арналған су көздерінің көптігі, өңдеуге ыңғайлы жерлердің барлығы, сонымен қатар қала іргесінде қала қолөнершілері жасап шығарған бұйымдарды қолданушы қауымның болуы – осы себептердің барлығы Қазақстанның оңтүстігінде қала мәдениетінің өркендеп дамуына әкеліп соқтырды. Қала өркендеуіне себеп болған жағдайларды талдап қарар болсақ, ең алдымен су көздерінің молдығы. Ірі өзендері Сырдария және оның салалары Келес пен Арыс. Территорияның солтүстік бөлігін Шу өзенінің төменгі ағысын қамтиды. Отырар оазисі жайлы ортағасырлық авторлар көптеген деректер қалдырған. Мәселен, Рузбихан Сырдария жайлы мынадай мәлімет айтады: «Өзен 300 тап қашықтықта ағып өтіп, Қарақұмның құмдарына сіңеді. Өзеннің бойы дерлік әр түрлі шөптер мен қамысқа толы. Дариядан егінді суару мақсатында пайдаланылатын көптеген арықтар тартылған. Әлемде мұндай өзенге тең келер өзен жоқ. Сонымен қатар кішігірім өзендер жеткілікті, олардың көпшілігі таулардан бастау алып, егін суаруға қолданылады» [3].

Қалаларда жүргізілген археологиялық зерттеулер қала тұрғындарының шаруашылығы, өмір сүру деңгейі, тұрғын үйлері жайлы көптеген мәліметтер береді. Осы мәліметтердің арқасында географиялық ортаның қалалардың дамуына әсерін байқауға болады. Қала тұрғындарының өмірінде егіншілік маңызды орынға ие болды. Егін шаруашылығын мынадай түрлерге бөлуге болады: 1) адамның шаруашылық әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан суармалы жерлер және 2) табиғи суландырылатын жерлер. Біз қарастырып отырған аймақта көбінесе суармалы егіншілік үлкен маңызға ие. Суарудың өзін екі түрге бөлуге болады: табиғи, жасанды. Суармалы

егіншілік сол аймақтың табиғат жағдайларының әсерімен қалыптасқанымен, ол ең алдымен қалалар дамуының жоғарғы деңгейінің бірден-бір көрсеткіші болып табылады [4]. Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалаларда суармалы егіншіліктің екі түрі де қолданылады. Қала тұрғындардың қала сыртында жазда қоныс аударатын өңдейтін жер үлескісі болған. Бұл жайлы ең алдымен жазба деректерде жақсы баяндалған. Сырдария бойында орналасқан қалаларды жеке-жеке сипаттай келе, олар егістерді және халықты сумен қамтамасыз ететін каналдар жайлы жазған. Өзен сулары қолданылмайтын ортағасырлық қалалар да баршылық. Мәселен, Сауран қаласы және оның төңірегіндегі бау-бақшалар кәріз арқылы суландырылған. Кәріз қалдықтары басы Мыртөбе төңірегінен басталып, соңы Сауран төңірегіндегі усадьбаларға дейін жеткен. Құдықтар нашар сақталған, оларды құдықты қазу және тазарту кезінде шыққан топырақ (құдықты айналдыра төгілген) жалы арқылы анықтауға болады. Васифидің айтуына қарағанда, кәріздерді қалаға Мір-араб (Мир-араб) деген жергілікті дін өкілі сыйлап, кәріздің қайнарына қамал салдырған. Шамасы, сол қамал Міртөбе қаласы болса керек, Мір (Мир) аталуында Мір-арабтың аты сақталған. Зайн Ад-дин Васифидің айтуы бойынша, «Кәріздің басы қаладан фарсах қашықтықта орналасқан». Кәріздер басында су қоймасы жайласқан. Кәрізбен суарылатын жер үлескілерінде жүзімдіктер мен шаруашылық құрылыстар, бақшалар бар саяжай-шарбақ орналасқан. Егіншілік Оңтүстік аудандардың көпшілігінде суармалы болған [5]. Сырдарияға жақын жатқан аудандардың егіс алқаптарында каналдар мен арықтар тармақталған жүйе ретінде қалыптасқан. Археологиялық қазба жұмысы көрсеткендей, XV-XVII ғғ. Отырар оазисі бас құрылысы Арыста орналасқан, қашықтығы 40 км-ге жететін Темір-Арық жүйесінің суымен жабдықталатын. Вақфтық грамоталарға сәйкес, Түркістан ауданының жерлері бұлақтар мен тау өзендерінен пығарылған каналдармен суарылатын [6]. Сығанақ маңында, Ибн Рузбиханның баяндауы бойынша, егістіктер Қаратаудан бастау алатын және Сырдариядан ағып пығатын өзендердің арықтарымен суарылатын. Сыгнак грамоталарында олардың аттары аталған: Қызылгал, Чикил-Торғай, Ордакент, Жолақ, Арсланды және бастаулар Тоқтамыс, Харап, Хисаршық. Тау алды аймақтар егістікті суару мақсатында тау өзендерінің сулары пайдаланылған.

Сайрам маңында жыртатын егін алқаптары болған. Оларды суару үшін Ақсу, Сайрамсу, Бөген өзендерінен су алынған. Жазба деректерде Сайрамда бидай, сұлы, арпа өсірілетіндігі жайлы деректер кездеседі. Рузбихан атап көрсеткендей, Сайрам Мұхаммад Шейбани-ханның әскерін бидаймен қамтамасыз етіп отырған [7].

Қалалардың Оңтүстік Қазақстан территориясында көптеп жайласуына тағы бір себеп ол өңделмелі шаруашылыққа ыңғайлы жерлердің көптеп кездесуі еді. Бұл жайлы ортағасырлық авторлардың көпшілігі айтып кеткен. Ибн Рузбихан, Васифи, Хафиз Таныш та Ясы, Сығанақ, Сайрам, Сауран кең егіншілік вилайеттерінің орталығы болып, оларды азық-түлікпен, бидаймен

қамтамасыз етіп отырғандығын өз шығармаларында сөз еткен [8]. Сырдария маңы қалаларының жартылай аграрлы сипаты жайлы тек онда кең егіншілік алқаптарының бар болғандығы ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарының ауыл шаруашылығымен айналысқандығы да дәлел бола алады. Ал-Макдисидің айтуы бойынша: «Джувикаттан Таразға дейінгі аралық адамдар мекені мен жайылымдар болып табылады.» Сонымен қатар Тараз қаласы жайлы ол былай дейді: «Тараз саялы бақтарға толы, Талас өзенінің бойында орналасқан Атлах қаласының аймағын бақпалар мен жүзімдіктер алып жатыр», - деген деректер қалдырған. Сюань-Цзянь Сайрам қаласы жайлы мынадай деректер келтіреді: «бұл аймақтың жері өте құнарлы әрі бай. Онда әр түрлі бақтар мен ормандар жайқалып өседі». Сайрам жайлы деректер Рузбиханның да жазбаларында кездеседі: «Бұл қала көркем әрі жанға жайлы. Ол жазық далада орналасқан, сондықтан ауасы таза әрі жан сергітеді. Оның маңында жабайы ешкілер жайылып, әр түрлі ағаштар өседі. Қала аумағы берік қамалмен қоршалып, онда өмір сүретін тұрғындар өзінің кеңпейілділігімен ерекше көзге түседі», - деген деректер келтіреді. Ал-Макдиси Испиджаб қаласын суреттей келе, былай дейді: «Мұнда әр түрлі жемістер өседі және бұл қала тұрғындары жердің өнім бермеуі жайлы тіпті білмейді», ал географ Якут Испиджаб жайлы «Алланың ең көркейген әрі көркем елінің бірі, онда ағаштар, ағынды бұлақтар мен тамаша бақтар көптеп кездеседі», - дейді. Арыс өзенінің орта ағысында орналасқан Субаникен қаласы жайлы «Худуд ал-Алем» географиялық шығармасында мынадай мәліметтер келтіреді: «Субаникет жайлы әрі көркейген бай қала» [9]. Рузбихан XVI ғасырдағы Сауранды суреттей келіп, былай дейді: «...таң каларлық сүйкімді қала. Ол ашық, тегіс жерге салынған. Қала көңілді, жарық, ауасы жайлы, жұмсақ, жанға қуаныш пен күш береді... бүкіл аймақта әр түрлі көрікті ағаштар өсіп тұр. Қаланы биік қамал қоршаған... оның сыртында оры бар» [5]. Осы келтірген мәліметтердің барлығы Қазақстанның оңтүстігінің тарихи географиясының қашан да болмасын күрделі өзгерістерге тап болмағандығын көрсетеді. Жергілікті тұрғындардың айналысатын шаруашылығы жайлы деректі сонымен қатар тұрғындарға салынған жер салығы харадж арқылы анықтауға болады. Қала тұрғындары төлейтін салықтардың қатарында «мардигар (суару жүйелерін салу және сол қалшында сақтап қалу үшін алынатын салық)», «тағар (әскерге азық-түлік түрінде алынатын салық түрі)» салықтары болған [7]. Қалалардың аграрлық сипаты мен тұрғындардың шаруашылығының айқындала түсуін олардың мекендеген тұрғын үй құрылысындағы өзгерістерден байқауға болады. Тұрғын үй құрылысында мал ұстайтын қораларға орынның бөлінуі, сонымен қатар бидай және ауыл шаруашылық өнімдерін сақтайтын қамбалардың болуы қаланың аграрлық сипатының тереңдей түскендігі жайлы мәліметтер береді [10].

Географиялық орта аймақтың шаруашылық, экономикалық немесе әлеуметтік жағынан болмасын дамуының маңызды факторларының бірі. Сондықтан біріншіден, географиялық орта мен шаруашылықты, географиялық орта мен қалалардың пайда болуын, қалыптасуын, дамуын бөле жарып қарау мүмкін емес. Қай кезеңде де болмасын олар бірін-бірі өзгеріске түсіріп немесе бірін-бірі толықтырып тұратын жүйе болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Семенова М.И. Природа и хозяйства Южно-Казахстанской области. Алма-Ата, 1959, 121-122 с.
2. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XI-начале XVI вв.: (Вопросы политической и социально-экономической истории). А-Ата, 1977, 456 с.
3. Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории Казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан XV-XVII вв.: (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата, 1969. 214 с.
4. Рассудова Р.Я. Естественные условия и система хозяйственно-социальных отношений в позднефеодальный период истории народов Средней Азии. // Роль географического фактора в истории докапиталистических обществ. Л., 1984. 262 с.
5. Байпаков К.М., Елеуов М.Ортағасырлық Сауран. Средневековый Сауран.-Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің Тұран баспаханасы, 2004. 50 б.
6. История казахской ССР. Изд. Наука. Алма-Ата. 1979.
7. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., Жумаганбетов Т. Археология Казахстана. Алматы. 1993. 362 с.
8. Пищулина К.А. Письменные восточные источники о Присырдарьинских городах Казахстана XIV-XVII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. А-Ата.: Наука Каз ССР. 1983. 210 с.
9. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Труды института истории археологии и этнографии АН Каз. ССР. Т 5. Алма-Ата. 295 с.
10. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Акылбек С.Ш., Антонов М.А., Сорокин Д.В. Историческая география Отрара и Отрарского оазиса: основа сохранения и защиты.// Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. Серия Общественных наук. Отв. Ред. А.З.Камалиденова. 2006.

#### REZUME

#### M.K. ALDABERGENOVA (Turkistan) INFLUENCE OF GEOGRAPHIC ENVIRONMENT TO MEDIEVAL TOWNS IN THE SOUTH KAZAKHSTAN

Medieval towns in the South Kazakhstan are exposed to influence of geographical environment. There are many archaeological and historical complexes in the large territory of the South Kazakhstan. We study the development of these complexes (functions of towns, agriculture, living conditions, and social- economic development on the whole).